

Алматы қаласындағы қайталама металл нарығын реттеу және олардың заңсыз айналыммен күрес жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі ІІ сайланған VI сессиясының 2000 жылғы 27 қыркүйектегі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 20 қазанда N 205 тіркелді. Мемлекеттік тіркеуге жатпайды - Алматы қаласы әділет департаментінің 2005 жылғы 20 қаңтардағы N 02-11/227 шешімімен ("Нормативтік-құқықтық актілер туралы" Заңының 38 бабына сәйкес) және онсыз қолданылады. Күші жойылды - ІІІ сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXIV сессиясының 2006 жылғы 26 шілдедегі N 264 шешімімен

РҚАО Ескертпесі: N 02-11 және 227 2005 жылғы 20 қаңтардағы Алматы қалалық Әділет департаменті хатының негізінде шешім "Нормативтік-құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабымен көзделген нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуге жатпайды және онсыз қ о л д а н ы л а д ы .

ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты Алматы қаласы Әкімінің жанындағы шағын бизнес департаменті директорының орынбасары В.В. Ликтің Алматы қаласындағы қайталама металл нарығын реттеу және олардың заңсыз айналыммен күрес жөніндегі шаралар туралы баяндамасын тыңдап, талқылай келе, Алматы қаласындағы қайталама металл нарығының жағдайын белгілі бір деңгейде дамып отырғандығын атап өтеді.

Сонымен қатар, Үкіметтің "Қайталама кара және түсті металдар нарығы туралы" 2000 жылғы 10 наурыздағы N 383 P000383_ Қаулысы толық көлемде орындалмағандығынан, кара және түсті металды қабылдайтын заңсыз нүктелер саны көбейді, көлеңкелі бизнес жанданды, кәсіпорындардағы, саяжайлардағы, тұрмыстағы, зираттардағы металдар мен бұйымдарды ұрлауға байланысты қылмыстар саны артты. ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Алматы қаласы Әкімінің жанындағы шағын бизнес департаменті директорының орынбасары В.В. Ликтің Алматы қаласындағы қайталама металл нарығын реттеу және олардың заңсыз айналыммен күрес жөніндегі шаралар

туралы баяндамасы назарға алынсын.

2. "Алматы қаласындағы қайталама кара және түсті металл нарығын реттеу жөніндегі бағдарлама" бекітілсін, қоса беріліп отыр.

II - с а й л а н ғ а н А л м а т ы
қ а л а л ы қ М ә с л и х а т ы н ы ң

VI-сессиясының төрағасы

II - с а й л а н ғ а н А л м а т ы
қ а л а л ы қ М ә с л и х а т ы н ы ң

хатшысы

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының IV-сессиясының
2000 жылғы 27 қыркүйектегі
ш е ш і м і н е қ о с ы м ш а

**Алматы қаласында қайталама кара және түсті
металдар нарығын реттеу жөніндегі
БАҒДАРЛАМА**

Алматы қ., 2000 жыл

М А З М Ұ Н Ы

I . Ж А Л П Ы Б Ө Л І М

1.1.БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТЫ

1.2.БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

1.3.БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТІ

II. ҚАЙТАЛАМА ТҮСТІ МЕТАЛДАР НАРЫҒЫН РЕТТЕУ МӘСЕЛЕСІН

Т А Л Д А У

III.БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ ШАРАЛАРЫ

IV. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ

V. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

I. Жалпы бөлім

Осы Бағдарламаны Алматы қаласы Әкімінің аппараты Қайталама металлургияның республикалық салалық қауымдастығымен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Z934100_ , "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Z980258_ Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурыздағы NN№383 "Қайталама кара және түсті металл нарығы туралы" P000383_ Қаулысына сәйкес әзірледі.

Бағдарлама 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясының талаптарына сай келеді және оның басымдықтарын іске асыруға бағытталған:

- қолда бар шикізатты тиімді пайдалану, мәселесінде "Өнеркәсіптік саясат"

с т р а т е г и я с ы ;

- "Экология және табиғи ресурстар" стратегиясы мәселесі - қалдықтарды
ұ қ с а т у а р қ ы л ы ;

- "Ресурс көздері технологиясын енгізу" және "Өндірістік және тұрмыстық
қалдықтарды ұқсату" мәселесінде "Табиғи ресурстарды теңгермелі пайдалану
ү ш і н н е г і з ж а с а у " б а с ы м д ы ғы .

1.1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТЫ

Түсті және қара металдың қайталама ресурстарының бақылаудағы, өте тиімді
және қауіпсіз пайдаланылуын, Алматы қаласының жалпы экономикалық
көтерілуіне, сондай-ақ "Таза ауа - Жанға дауа" Алматы қаласының экологиялық
ахуалын сауықтыру кешенді бағдарламасына сәйкес аймақтың экологиялық
ахуалын жақсартуға ықпал ететін қайталама металлургия саласын дамыту мен
н ы ғ а й т у д ы қ а м т а м а с ы з е т у .

1.2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

* Алматы қаласындағы қайталама түсті және қара металдың көлеңкелі
айналымының алдында қайталама түсті және қара металдың заңды және
бақыланатын айналымының стратегиялық бәсекелестік артықшылығын
қ а м т а м а с ы з е т у .

* Алматы қаласындағы түсті және қара металл сынықтарының қалдықтарын
жинауды, сақтауды, ұқсатуды, арту мен пайдалануды анықтау кезінде ұлт
қауіпсіздігі мен құқық тәртібін қамтамасыз ету;

* жеке, заңды тұлғалар мен мемлекетке тиесілі қайталама ресурсты тиімді
п а й д а л а н у ғ а ы қ п а л е т у ;

* қ о с ы м ш а ж ұ м ы с о р ы н қ ұ р у ;

* Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық салынатын
халық табысын көбейтуді қамтамасыз ету;

* қоршаған орта үшін осы қызмет түрінің экологиялық, экономикалық
қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

* сынықтардың көлемі мен су көздеріне, оның ұқсатылуы мен өткізілуіне
бақылаудың қажетті және жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету;

1.3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТІ

Бағдарлама мақсатын іске асыру үшін мына міндеттерді шешу
қ а р а с т ы р ы л а д ы :

* әрбір ауданда түсті және қара металды қабылдайтын даярлау нүктесін
ұ й ы м д а с т ы р у ;

* металл сынығын ұқсату жөніндегі бос қуаттылықты анықтау және өндірісті ұйымдастыру;

* өз қызметі барысында сынықтарды алатын кәсіпорындарды анықтау мен есепке алу және оны ұқсату үшін әкетуді ұйымдастыру;

* Алматы қаласында металл сынығы жинақталған жерді анықтау және оны ұқсату үшін әкетуді ұйымдастыру;

* металды қабылдаудың заңсыз нүктелерінің қызметін анықтау және жолын кесу;

* тәркіленген сынықты өткізуді реттеу;

* сынықты заңсыз өткізудің жағдайын, деректерін анықтаудың тиімді әдісін әзірлеу. Тапсырылған сынықтың сипатын белгілеу және дәл анықтау.

II. ҚАЙТАЛАМА ТҮСТІ МЕТАЛДАР НАРЫҒЫН РЕТТЕУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛДАУ

Металды, оның ішінде түсті металды жинау және қайта пайдалану дамыған елдерге тән қызметтің дәстүрлі және таралған түрі болып табылады.

1998 жылы осы қызметтің түрін Үкіметтің мемлекеттік реттеуі өзінің қисынды аяқталуына жетті (59 337 млн. АҚШ доллары сомасына 91766 тонна қайталама алюминийдің маркалық құймасы сыртқа шығарылды). Бұдан әрі реттеу, бір таңқаларлығы, біздің мемлекетке залал шектірді. Бұны заңды жұмыс істейтін кәсіпорындардың өз қызметін тоқтатуынан немесе өз көлемін айтарлықтай төмендеткендігінен (маркалы құймалар экспортының бар-жоғы 11891,5 тоннаны құрап 8,786 млн. АҚШ доллары ғана болды) екендігінен көруге болады.

1999 жылы қызметтің осы түрін лицензиялық реттеу іс жүзінде тоқтатылды, ал оның орнына тыйымдар механизмі енгізілді. Бұның негізгі себептерінің бірі - бұл мәселеде жүйелі жалпы көзқарастың, мемлекеттік органдар қызметінің жоқтығы, осы іс-әрекеттердің нәтижесі қайталама металл айналымының көлеңкелі секторға кетуіне алып келді және осы айналымды бақылайтын механизм толығымен жойылды.

Қондырғыларды заңсыз бөлшектеу, түсті металды бар материалдық құндылықтарды ұрлау кезіндегі көлеңкелі бизнес шектірген залалды заңсыз айналым залалымен орайластыру қажет. Экономикалық залал негізінен тыйым шараларын қабылдауынан туындады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13.03.2000 ж. N№383 "Қайталама қара және түсті металл нарығы туралы" Қаулысы қабылданғаннан кейін заңсыз қабылдау нүктелерінің қызметі айтарлықтай төмендеді. Алайда, қазіргі уақытта олардың қызметі қайтадан жандана бастады.

Жеке тұлғалардан сынықтарды қабылдауға тыйым салу металл сынығын жинауды ұйымдастыруды тоқтатуға және жеке секторда сынықтардың пайда болуына, қала аумағын ластауға әкеліп соқтырды.

III. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ ШАРАЛАРЫ

3.1. Қайталама металлургия саласын дамыту үшін заңсыз бизнеспен күресудің маңызы зор.

Тапсырушының жеке басын ескерусіз және сынықтың қайдан әкелгендігін анықтамай металл қабылдайтын заңсыз нүктелер желісі түсті металдың ұрлануына ықпал етіп отыр. Бұл өз кезегінде заңды жұмыс істейтін кәсіпорындардың беделіне секеу түсіріп отыр.

Заңсыз нүктелер өз қызметін жасырмайды, мұны түсті металды қабылдауды ұйымдастыру туралы ілінген маңдайшалар айғақтайды.

Алматы қаласының ИИБ металдарды қабылдайтын заңсыз нүктелерді анықтау және оларды жою бойынша шаралар қабылдау жөнінде учаскелік инспекторлар жұмысын күшейтіп, олардың қызметтері туралы аудандық әкімшіліктерге есеп беруін қадағалауға тиіс.

Ай сайын Алматы қаласы бойынша жүргізілген жұмыс бойынша ақпарат жинап, оны Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қажет. Қайталама металлургияның республикалық салалық қауымдастығы сынықтардың ұрлануы және металды қабылдайтын заңсыз нүктелердің жұмысы туралы ақпаратты жинау жөнінде "жедел желі" ұйымдастыратын болсын.

3.2. Алматы қаласының Әкіміне металл ұқсататын сала кәсіпорындары мен мемлекеттік органдардың өзара қатынасын үйлестіру үшін шағын бизнес департаменті шегінде құрылым бөлу ұсынылсын.

3.3. Аудан Әкімдеріне ұсынылсын:

- * аудан аумағында металл сынығын қабылдау нүктелерін ұйымдастыруға;
- * сынықтардың құралу көзі болып табылатын ұйымдарды анықтауға;
- * сынықтарды ұқсату үшін бос жарамды қуаттылықтарды анықтауға және мемлекеттік экологиялық сараптаманы міндетті түрде өткізе отыра оларды пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеуге көмектессін;
- * сынықтарды, оларды ұқсататын жерге апаруды ұйымдастыруға.

IV. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ

Бағдарламаны іске асыру үшін

Қалалық Мәслихат

Алматы қаласы Әкімінің аппараты

Қайталама металлургияның республикалық салалық қауымдастығы

Алматы қаласы ИИБ

Алматы қаласының прокуратурасы
Алматы қаласы бойынша салық комитеті

Алматы қалалық қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық басқармасы
өкілдері қатарынан Үйлестіру кеңесі құрылады.

Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын және Үкімет қаулылары мен осы бағдарламаны басшылыққа алады. Кеңес мәжілісі кемінде айына бір рет өткізіледі. Онда бағдарламаны іске асыру шараларының бекітілген жоспарының орындалуы туралы ақпарат тыңдалады. Кеңестің басты назары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13.03.2000 ж. N 383 Қаулысының орындалуына, рұқсаты жоқ түсті және қара металл қабылдайтын нүктелердің қызметінің жолын кесу, оларды сақтау ұқсату мен өткізу жөніндегі шараларды қабылдауға аударылуы тиіс.

V. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Қайталама металлургия саласы кәсіпорындары табысты дамыған жағдайда мыналарды болжауға болады:

- сынықтың ұрлануын, оның контрабандасын, көлеңкелі бизнестің сатылай " заңдастырылуын" айтарлықтай төмендету;
- бюджет қаражатын жұмсамай металл сынығынан қаланы тазарту, сондай-ақ қосымша жұмыс орындарын құру мәселесін шешу;
- әртүрлі сынықтарды, трубаларды, құрылғылы құрылыс элементтерін таптау және даярлау әдісімен, алюминийді ұқсату жолымен шикізатты барынша тереңірек бөлуді ұйымдастыру;
- қайталама қорытуды даярлайтын кәсіпорындар базасында машина жасау мен өзге салалар үшін даярлау өндірісін ұйымдастыру.

*II - сайланған Алматы
қалалық Мәслихатының*

VI-сессиясының төрағасы

*II - сайланған Алматы
қалалық Мәслихатының*

хатшысы